Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 239-240

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ АСЫЛТҰҚЫМДЫ ҮЙ ҚОЯН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Акижанова Н.Т.

Қазіргі таңдағы Қазақстаның ұлттық ауыл шаруашылығын негізі және табиғи ресурстармен қоса аң шаруашылығы дамып келеді. Қазақстан Республикасының инновациялық кәсіпкерлігі қазіргі таңда жаңадан қалыптасуда. Сонымен қатар елімізде үй қоян шаруашылығы алға басуда. Кәсіпкерлік қызметті жаңартпалық түрде жеке кішігірім шаруашылықтар ашылып жатыр. Ақмола облысы асылтұқымды үй қоян шаруашылығы бойынша дамымып алға басып келе жатқан Қабанбай ауылындағы ЖШС «асылтұқымды шаруашылық «Астана –МИАКРО» 2012 жылы негізін қалады. Оның бас директоры болып алғашқы еңбек жолын асылтұқымды үй қоян шаруашылығынан бастаған Серікжан Әміржанұлы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария мамандығының 1984 жылғы сонымен қатар экономика мамандығының 2003 жылғы түлегі. «Астана-МИАКРО» асылтұқымды шарушылығы 80 бас қоянмен Астана қаласында жұмысын бастаған болатын. Соның ішінде 20 бас үй үлкен ақ қояны, 16 бас күміс түсті үй қояны ,4 советтік шыншыла қояндары Шымкент қаласынан, ал Новосибрск қаласынан 20 бас үй үлкен ақ қояны мен 20 бас колифорниялық үй қояндары әкелінді. Қазіргі кезде ЖШС «асылтұқымды шаруашылық «Астана – МИАКРО»-да 1800 қояндар саны бар. Үй қоянын өсіру басқа аңдармен салыстырғанда өте өсімтал аң. Үй қояндары жылына екі рет көжектейді. Әр аналық үй қоянынан 6-9-ға дейін көжектер алынады, көжекттер тәулігіне 20-23 г салмақ қосады. Аналық үй қояндары көжектерін 72-80 күндей сүтімен қоректендіреді. Шағылысу жасына 4-5 айлығында келеді. Бір ұрғашы үй қоянынан жылына 145 кг ет алуға болады. Еті дәмді, балаға, қарт адамға және бауыры мен асқазаны ауыратын адамдарға пайдалы. Үй қояның тірі салмағы 4,5-6 кг, дене ұзындығы 57 см, кеуде орамы 36 см болады. Үй қояндары жылдың кез келген мезгілінде шағылысады, ұрықтанғанын тексеру үшін, бес күнен кейін еркек қоянға қосады. Ұрықтанған ұрғашы үй қояны еркек қоянын қасына жолатпайды. Ұрғашы үй қоянын орташа есеппен тәулігіне 120 г сүт бөлінеді, жаңа туған көжектердің салмағы 40-80 г жетеді. Көжектерін анасынан 45-60 күнде айырады. ЖШС «асылтұқымды шаруашылық «Астана –МИАКРО» қолданылады Михайлов технолгиясы яғни бұл жердегі асылтұқымды үй қояндары шаруашылықта далада орналасқан жекелеген торшаларда қысы-жазы үзіліссіз азықтандырылады және суық мезгілде су арнайы құралғымен ысытып береді. Асылтұқымды үй қояндрының иммуниттетері күшті ешқандай дәрі-дәрмектер егілмейді, таза ауамен демалып, өкпелері таза сондықтан еттері экологиялық таза иіссіз болып келеді, салмағын тез арада қосады. Азықтандыру

кезінде шөп пен құрма жем үздіксіз беріліп отырады. Бұл шаруашылыққа құрама жем Қарағанды обылысынан әкелінеді және де шаруашылықта арнайы дайындалып үй қояндарына береді. Үй қоян еті барлық диеталық еттердің ішінде маңызды орын алады. Сапасы жағынан үй қоян еті дәмді тауық етіне жақын, тез қорытылады. Адам ағзасында үй қоянының етіндегі белок 90%-ті қорытылады және сіңіріледі, ал сиыр етінің 62-%-ті ғана сіңеді. Қоян етінің 1 кг-мында 795-ке дейін каллория болады. Қояның майы ақ жұмсақ. Сояр алдында үй қоянының жүнін таралады, тазаланады, сояр алдында 12-16 сағат бойы азықтандырмайды және су берілмейді және де терісі өңделуге ұсынылады. Шаруашылықтағы еттер жәрмеңкеге шығарылып, мейрамханаларға алынады.

Қорытындылай келгенде Ақмола облысында орналасқан ЖШС «асылтұқымды шаруашылық «Астана –МИАКРО» аң шаруашылығы саласында үй қояндарын Михайлов технологиясы бойынша өсіретін бірінші аң шаруашылығы болады. Осыған байланысты аталған шаруашылықта бірнеше үй қоян тұқымдастарын Ақмола облысы жағдайында әр түрлі тұқымдағы үй қоянының салыстырмалы түрдегі көбею және өнімділік қабілеттілігі өте өзекті мәселелердің бірі.

Ғылыми жетекшісі: а/ш.ғ.к., доцент Т.И. Құлмағанбетов